

**Қарағанды облысы педагог қызметкерлерінің  
«Біртуар тұлға тағылымы» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

Белгілі қоғам қайраткері, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры, ағартушы-ғалым, академик Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаевтың құрметіне **2015 жылдың 25 қыркүйегінде** ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі.

**2. Конференцияның мақсаты**

Қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым, академик Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаевтың еңбегі туралы, қоғамдық өмірде және ғылымда қалдырған ізін, және биік кәсіби шеберлігін зерделеп, оны насихаттау.

**3. Конференция жұмысының бағыттары:**

- ✓ патриоттық бағыт,
- ✓ ғылыми-танымдық бағыт,
- ✓ тұлғаның кәсіптік бағыты

**4. Конференцияға қатысушылар:**

Білім беру ұйымдарының басшылары, пән мұғалімдері, колледж, жоғары және орта арнайы білім беру ұйымдарының оқытушылары, ата-аналар.

**5. Конференцияның ұйымдастыру комитеті:**

5.1 Ғылыми-практикалық конференцияның дайындығына және өткізілуіне Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдістемелік кеңесі жауапты.

**Ұйымдастыру комитетінің құрамы:**

1. Аймағамбетов А.Қ – Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы, ұйымдастыру комитетінің төрағасы
2. Қожахметова Г.Ш – ББД ОӘО директоры – төрағаның орынбасары;
3. Рысбек Е.Р - Шет аудандық білім бөлімінің басшысы;
4. Контаев С.С. - ОӘО ғылыми консультанты;
5. Абдикерова Б.Х. – ББД ОӘО директордың орынбасары –;
6. Амирова Ж.А – Шет аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі;
7. Тукбаева З.И. — ББД ОӘО әдіскері;

**6. Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар**

6.1. Мәтіннің көлемі 3 бетке дейін, А-4 форматты, Жұмыс тілдері: казак, орыс. «Times New Roman», «Kz Times New Roman» редакторларында 14 шрифтпен теріліп, 1(бір) жоларалық интервалымен басылуы қажет. Форматтың төрт жағынан қалдырылатын бос орын – 2 см.

6.2. Автордың аты-жөні, жұмыс орны, қала/аудан атауы (Times New Roman, KZ Times New Roman шрифтсімен, курсив, 14 кегль), қағаз бетінің жоғарғы оң жақ бұрышына орналастыру қажет.

6.3. Мақала атауы (Times New Roman, KZ Times New Roman шрифтісімен, қою кара әріптермен, 14 кегль, жазу әріптерімен) – қағаз бетінің ортасында болу керек.

6.4. Негізгі мәтін (14 кегль) Times New Roman шрифтісімен 1 (бір) жоларалық интервалмен орындалады (үлгіге қараңыз). Негізгі мәтіннің қызыл жолағы 1 см, көлденеңінен тегістеледі, мәтін тасымалы автоматты түрде жасалады, нөмірленбейді.

6.5. Әдебиеттер тізімі негізгі мәтіннен кейін жазылады. (Times New Roman, KZ Times New Roman шрифтісімен 14 кегль.

6.6. Әдебиетке сілтемелер мақала мәтінде шаршы жақшаларда беріледі. Онда қолданылған әдебиет тізімінің нөмірі және бет нөмірі жазылады.

7. Мақаланы бағалау критерийлері:

- жұмыстың өзектілігі;
- мақала мазмұнының конференция тақырыбына сәйкестігі;
- практикалық маңыздылығы;
- тақырыптың толық ашылуы;
- мазмұндау стилі;
- мақала құрылымы.

Бір жұмыстың авторы екеуден аспау керек. Талапқа сай келмейтін немесе практикалық маңыздылығы және жаңалығы жоқ мақалалар қаралмайды.

8. Конференцияны өткізу шарттары және қорытындысы

8.1. ҒПК бірінші кезеңі сырттай өтеді.

Қатысушылар мақала мәтінін конференцияға қатысу жөнінде сұраныспен қоса электронды поштаға жіберу қажет.

8.2. Бір автор үшін мақала саны шектеусіз. Ұйымдастыру комитеті мақала мазмұнын осы ережеге сәйкес қарастырады.

Талапқа сәйкес деп табылған жағдайда қатысушының электрондық поштасына ҒПК қатысу туралы растау хат жіберіледі.

8.3. Одан кейін қатысушы «umc\_ro\_karaganda@mail.ru» электрондық поштасына электрондық папкасын жібереді. Папканың ішінде сұраныс, мақаланың бекітілген мәтіні, ТАӘ және мектебі көрсетілген 3000 теңге көлемінде мақаланы өңдеуге арналған жарна төлемдерін төлеу туралы түбіртек көшірмесі қамтылады (төлем туралы чектің көшірмесі ОӘО есеп бөлімінен алынады).

8.4. Сұраныстар 2015 жылдың 15 қыркүйегіне дейін қабылданады. Төлемдерді ББД ОӘО есеп бөлімінде жүзеге асыруға болады (төлем туралы чектің көшірмесі беріледі).

8.5. Сұраныс жеке файлда MS Office Word форматында толтырылады.

**Қарағанды облысы педагог қызметкерлерінің «Біртуар тұлға тағылымы» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға сұраныс:**

1. Автордың / авторлық бірлестіктегі адамдардың тегі, аты- жөні (толық)
2. Жұмыс орны
3. Қызметі

4. Ғылыми дәрежесі, лауазымы

5. Жұмыс бағыты

6. Мақаланың атауы

7. Байланыс телефоны

8. E - mail

8.6. Бірінші кезеннің нәтижесі бойынша өңделгеннен кейін мақалалар жинағы шығады. Конференция қатысушысына мақалалар жинағын және сертификатты PDFформатында электронды түрде жібереді.

8.7. ҒПК екінші кезеңінде пленарлық мәжіліс, дөңгелек үстелдер, әр бағыт бойынша түрлі аландарда ұйымдастырылған секция отырыстары өткізілуі жоспарлануда.

8.8. Жинақтың басылып шыққан нұсқасы ҒПК қорытындысы бойынша екінші кезеңге өту үшін эксперттік топпен топтастырылған мақалалар жинағын қамтиды. Басылып шыққан нұсқасын алу үшін қосымша ақы төлеу талап етілмейді.

Өтінішті, мақала мәтінін және түбіртек көшірмесін конференцияның редакциялық алкасына «umc\_ro\_karaganda@mail.ru» электронды поштасы арқылы жіберіңіздер.

#### МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

Ахметова Б.А.,

№\_\_\_ ЖОББМ, Қарағанды қаласы

МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫ

Негізгі мәтін.

Қолданылған әдебиетті толтыру үлгісі:

1 Бөкей О. Өз отынды өшірме. – Алматы: Жазушы, 1981. – 384 б.

**Байланыс телефоны:**

41-82-00 – Абдикерова Бакиткул Химальдиновна

44-56-30 – Тукбаева Зауре Исенгельдиевна